



№ 2 (22)  
2012

Научное издание  
ISBN 1997-9967

# ЭКОНОМИКА :

стратегия және практика      стратегия и практика

Алматы

**Главный редактор**

О.С. Сабден

**Зам. главного редактора**

Н.К. Нурланова

**Редакционная коллегия:**

А.А. Абишев, А.А. Алимбаев, Е.Б. Аймагамбетов, Н.Ж. Брынбетова, Р.С. Грииберг (Россия ИЭ РАН), К.Е. Джанбурчин, Ж. Жаилов (Кыргызстан), Е.Б. Жатканбаев, Р. Жопыбаев, Г.А. Калиев, Н.К. Каюмов (Таджикистан, ИЭ), А.К. Кошанов, М.К. Мельдаханов, Р.К. Ниязбекова, А.А. Нурпесисова (ответственный секретарь), А.Ф. Расулов (Узбекистан, И.К.А. Сагадиев, А.А. Сатыбалдин, К.А. Турксева, Л.Л. Фрезоргер

Основная тематическая направленность журнала: вопросы экономической теории и практики, повышения конкурентоспособности, диверсификации экономики, инновационно-технологического развития, инвестиций и финансов, международных отношений и регионального сотрудничества, социального развития, рынка труда и занятости, устойчивого территориального развития, природопользования и экологической безопасности, а также методологии экономических исследований и анализа. Журнал ставит своей целью информировать читателя о научной жизни Казахстана и других государств.

**Экономика: стратегия и практика**

Научное издание

*Свидетельство о постановке на учет № 7158-Ж от 27.04.2006 г.*

*Министерства культуры и информации Республики Казахстан*

Международным центром в Париже журнал “Экономика: стратегия и практика” зарегистрирован под номером ISBN 1997-9967.

Решением коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки РК № 7 от 22.09.2009 г. журнал включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикации основных результатов докторских диссертаций по экономическим наукам.

*Год основания – 2006*

*Периодичность издания журнала – 4 номера в год.*

*Языки издания: казахский, русский, английский.*

## **МАЗМҰНЫ**

### **Инновациялық даму мәселелері**

<i>Кошанов А.</i> Жаңанданудың индустрiadы-инновациялық жаңғырулары және Қазақстанда қоғамдық өндірісті әлеуметтендірудің жаңа пәрмендері .....	6
---	---

<i>Расулов А.Ф.</i> Инновациялық инфрақұрылым – үлттық инновациялық жүйенің құрамадас бөлігі .....	12
--	----

### **Экономикалық саясат және шаруашылықтық тәжірибе**

<i>Шевченко В.В.</i> Үлттық экономикада менишкіті қайта бөлу тетіктері .....	19
--	----

### **Әлеуметтік мәселелер**

<i>Сипкұлова Л. С.</i> Қазақстандағы қоғамдық саламаттылық және тұракты экономикалық даму .....	27
---	----

### **Басқару мәселелері**

<i>Шеденов У.К.</i> Стратегиялық жоспарлау - ұйымды басқару құралы .....	36
--	----

### **Накты секторды жаңғыру мәселелері**

<i>Абдұлвалиева Т.В.</i> Қазақстанда машина жасау саласын құрылымдық дамыту және оның бәсекеге кабілеттілігін арттыру .....	42
---	----

<i>Тастандиева Н.Б.</i> Қазақстандағы аграрлық секторды дамытуың басты бағыттарын талдау .....	48
--	----

### **Жас зерттеушінің мінбері**

<i>Карғабаева С.Т.</i> Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары және елдін экономикалық өсуі .....	54
--	----

### **Мерейтойлар**

<i>Нұрланова Н.К.</i> Қазақстанды жана индустрiadандыру жағдайындағы экономика ғылыминың міндеттері .....	61
---	----

### **Ақпарат**

Авторларға арналған ережелер .....	65
------------------------------------	----

**Түйін**

Бұл мақалада қазақстанда машина жасау саласын құрылымдық дамыту және оның бәсекеге кабілеттілігін арттыру көрсетілген.

**Resume**

The article deals with structural progress and competitiveness growth of mechanical – building industry of Kazakhstan

**Н.Б. Тастандиева,**

Э.Г.К., доцент,

Халыкаралық бизнес академиясы

**Қазақстандағы аграрлық секторды дамытудың басты бағыттарына талдау**

Әлемдік қауымдастықта еліміздің нарыктық бағытта дамуны ел ретінде танылуы үшін жүргізіліп отырған саяси және экономикалық реформалардың маңыздылығын мен қолданбалылығын арттыру керек екендігі баршамызға мәлім. Соның ішінде халық шаруашылығының ең негізгі маңызды бөлімі - ауыл шаруашылық саласы. Ауыл шаруашылық секторын мемлекеттік реттеуді мемлекет тарапынан жүргізілетін агроенеркәсіп өндірісін тұракты дамытумен қамтамасыз ету арқылы іске асырылатын тетіктері мен ынталандырулары бар үлкен бір жүйе деп қарастырган жөн. Бұл жүйенің аясы мен ауқымы бір жағынан ұлттық қызығушылықты анықтаса, екіншіден нарыктық бәсекелестіктің шарттарына қайшылықты келімсү.

Қазақстандағы агроенеркәсіп кешенін (АӨК) мемлекеттік қолдау шараларындағы біршама өзгертулер мен ауқымын көңейту ауыл шаруашылық өндірісін арттыру мен тұрактандырудың елеулі фактордың бірі болып саналуы мүмкін. Отандық

галымдардың көзқарасымен алсақ, «ауыл шаруашылығының және онымен байланысты АӨК-ң басқа салаларының өзіндік ерекшелігі, сонымен қатар елімізді қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету қажеттілігі экономиканың басқа салаларына қарағанда мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау басты рөл аткаралындағы аграрлық саясатты жүргізуі талап етеді» [1].

Алайда дәл бүгінгі күні АӨК үшін мемлекеттің рөлін маңызды түрде арттыратын басқа реформа мен идеология қажет. Мемлекеттің ауыл шаруашылық өндірісін арттыруға арналған бағыты алдымен еліміздегі аграрлық дағдарыстың басты бір себепшісі – баға белгілеуді ырыктандырудың келеңсіз жақтарын жою және саланы көтеретін ынталандыру жүйесін көңейту болуы тиіс. Мемлекет әлеуметтік және тиімді экологиялық аграрлық өндіріспен қамтамасыз етуі керек. Оның араласуы сонымен қатар, ауыл шаруашылық өндірісін тиімді түрде көтеруге ықпал ететін нарыктық зерттеу институттарын күру мен дамыту,

бұрынғы жабылыш қалған ғылыми-зерттеу орталықтарын, оның оқу-тәжірибелік белемшелерімен қайта құруға бағытталуы тиіс. Бұл аграрлық саясаттың маңызды, әрі шешілуге тиісті проблемаларының бірі десек, оған қоса халықты ауыл шаруашылығының азық-түлік өнімдерімен, ал ауыл шаруашылық енеркәсіпті қажетті табыс көзі - ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз етуді де қосқан жөн.

Аграрлық сектордың алға қарай дамуна көрі әсер ететін біршама факторлар кездеседі. Экономикалық теория жағынан қарастыратын болсақ негізгі деп үш түрлі факторларды атауға болады: мемлекеттің қаржылық қолдауларының қыскаруы; ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өнімдердің бағалары арасындағы тенденциялары; түрғындардың төлем қабілеттіліктерінің төмендеуі [2]. Бұлардың қатарына әр түрлі ауыл шаруашылық субъектілерінің экономикалық қызығушылығының бұзылуы және кәсіпкерлердің өнімдерін өндіруге деңгел талаптыстарының төмендеуін жатқызуға болады.

Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алады және де ауыл шаруашылығының дамуы көбінесе елдің әлеуметтік артықшылығын анықтайды. Еліміздің территориясында ауыл шаруашылығына қолайлы жер көп жеткілікті, осыған орай әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіптің секторын дамытуға барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет. Сондыктан да ауыл шаруашылығының қазіргі таңдағы жағдайы нарықтық экономикада өзекті мәселелердің бірі деуге болады. Бір сөзben айтқанда, ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өндедеуді және откізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету, ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринарлық-санитарлық және фитосанитарлық қауіпсіздікті, ғылыми

камтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы деуге әбден болады. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп қана қоймай, оны сақтап, сапалы турде өндегеннен кейін халыққа дер уақытында жеткізу керек. Ал мұндай мәселелерді ауыл шаруашылығы басқа салалардың көмегінсіз шеше алмайды.

Агроөнеркәсіптік кешенін негізгі мақсаты - халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз ету. АӨК құрамында өзара байланыстағы үш негізгі буын бар:

- АӨК-ке қызмет көрсететін, оны техникамен, тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін салалар;

- ауыл шаруашылығы;
- тамақ және женіл өнеркәсіппері.

*АӨК-тің бірінші буыны* - қызмет көрсету саласы АӨК-ке ауыл шаруашылық машиналарын, құрал-жабдықтарды жеткізе отырып, оның интенсификациясының жалпы деңгейін аныктайды. АӨК жетістіктері де осы бірінші буынның дамуымен тығыз байланысты. Дегенмен де, елімізде әзірге АӨК-ті қажетті техникамен, тыңайтқыш өнімдерімен толық қамтамасыз ете алмай келеді. Кешенің қалыпты «жұмыс істеуі» үшін техника мен құрал-жабдықтардың 4000-дей түрі қажет етеді десек, елімізде олардың 400-дей түрі ғана шығарылады. Тұындалап отырған мұндай мәселенің шешіміне жақын арада ауылшаруашылық техникалырын сатып алу немесе оларды лизинг бойынша беруге арналған қаржылық көмек бағдарламасы шықты, дегенмен де бұндай көмек көлге қойған тамшыдай ғана десе болады. Көптеген маңызды өндірістердің дамуы артта қалып келеді. Сондыктан әлі де есқі техника пайдаланылатындыктан да, кол еңбегінің үлесі жогары, осы себепті де ауыл шаруашылық дақылдары мен малдардың өнімділігі томен. Мысалға, ауылшаруашылық машиналары мен тракторлар өндірісінің саласын қарастырсақ реформа жүргізілген кезеңнен бастап олардың санының күрт төмендегенін көруге болады.

**Кесте 1 Казақстандағы ауылшаруашылық машиналары мен тракторлар өндірісі (санмен)**

	1990	2000	2010
Тракторлар	41050	948	657
Тракторлық тұқым сепкіштер	8330	213	150
Тракторлық орактар	19690	149	31
*Ескерту - [5 дерек көздері негізінде]			

Мәліметтерге сүйсіsek, ауылшаруашылық тракторлар өндірісі 1990-2010 жылдар аралығында 98,4 %-га, тракторлық тұқым сепкіштер - 98,2 %, тракторлық орактар - 99,8 %-га кеміген. Яғни, бүгінгі күні отандық ауылшаруашылық машина жасау жағдайы ақсап түр. Елімізде 2010 жылы бар жоғы 657 трактор, 150 тұқым сепкіштер, 31 тракторлық орактар шығарылған. Бұдан ауылшаруашылық секторы техникаларды тұтыну жағынан әлде қайда артта қалып түр. Өндірілген өнімнің аз ғана үлесі өнделетіндіктен де, сұранысты қамтамасыз ете алмагандықтан да сліміз шет елдерден азық-түлікті көп мөлшерде сатып алады.

*АӨК-тің орталық тізбегі болып табылатын екінші бұын - ауыл шаруашылығы ел экономикасының ежелден келе жатқан дәстүрлік саласы. Ауыл шаруашылық саласының өнеркәсіп саласынан негізгі үш түрлі айырмашылығын атауга болады:*

1) Ауыл шаруашылығында жер – ен негізгі фактор, әрі енбек құралы болып саналады. Осыған орай жерді дұрыс пайдалану, құнарлылығын сақтау - қоғамның маңызды міндесті.

2) Ауыл шаруашылығы - экономиканың маусымдық саласы, әрі ондағы өндіріске табиғи жағдайлар қатты әсер етеді. Мәселен, құргақшылық, катты аяздар, кар басуы мен селдің жүруі ауыл еңбеккерлеріне егін өнімі мен мал басын сақтап қала үшін қажырлы құрес жүргізуге мәжбүр етеді.

3) Елімізде ауыл шаруашылығымен 200 мындағы әр түрлі фермерлік шаруашылықтар, акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, коопе-

ративтер мен жергілікті тұргындар айналысады.

Казақстанның жер аумағы үлкен - 272 млн га. Еліміздің барлық жері - жер корына жатады. Оның көп бөлігін ауыл шаруашылық жерлері. Олардың негізгі түрлері - егістік жерлер, жайылымдықтар мен шабындықтар, сонымен бірге көп жылдық алқантар. Ұзак жылғы тәжірибе бойынша, егістік жерлердің жекелеген бөліктері көпушақты бойы өнделмей, тыңайған жер есебінде қалдырылады. Еліміздің әр бөлігіндегі ауыл шаруашылық жерлерінің құрылымы бірдей емес. Ауыл шаруашылық жерлерінің құрылымындағы ең бағалы жерлерінің үлесі көп емес. Бірақ оның жан басына есептегендегі үлесі әлемдегі ең жоғарғы ондықтар қатарында саналады.

Ауыл шаруашылығын дамытудың екі жолы бар: экстенсивті және интенсивті. Экстенсивті дамуда ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісі өнделетін жер мен мал басының өсуі есебінен үлғауы мүмкін. Ал дамытудың интенсивті жолына - өндірістің өсуін жерді, техниканы, тыңайтқыштарды тиімді пайдаланып, ауыл шаруашылығы ғалымдарының жаңа жетістіктерін қолдана отырып қамтамасыз ету арқылы жетуге болады. Қазіргі уақытта негізінен осы жол басым.

*АӨК-тің үшінші бұны - тамақ және женіл өнеркәсібі. Бұл өнеркәсіптер жалпы халықтық болып саналады және қала мен ауылда да орналасқан салалар. Мәселен, наубайханалар, сүт, ет, көкөніс зауыттары ауылдық жерлерде де жұмыс істейді. Бұл өнеркәсіптер ең алдымен, ауыл шаруашылығымен байла-*

ның жасайды: оның шикізаттарын өндеп, мал шаруашылығын жеммен қамтамасыз етеді және ауыл шаруашылығы салаларының дамуна оң ықпал жасайды. Көптеген «тамак өнеркәсіптері» көлемі үлкен, қымбат құралжабдықтар пайдаланады. Ал аумағы кішігірім өнеркәсіп орнына май шайқайтын, шұжық шығаратын цехтарды жатқызуға болады.

*Агро өнеркістің кешенінің бір саласы - тамақ өнеркәсібі тұтас салалар кешеніне жатады.* Оның географиялық орналасуы мен дамушина негізгі екі фактор - шикізат және тұтыну шеңешіндең оның өткізуіндең етеді. Материалдың көп қажет ететін салаларда дайын өнім бірлігін шығаруға кететін шикізат шығыны үлкен. Мысалға - қант өнеркәсібінің шикізаты қант қызылшасы Алматы, Жамбыл аймактарында өндіріледі. Шикізат базаларына май айыру өндірісі, яғни өсімдік майын алу бағытталып орналасады. Куатты зауыттар күнбағыс өсірілетін Өскеменде, ал мақта мен мақсары өнімдері оңтүстік Шымкент аймактарында орналасқан. Еліміздің ең «сүтті» аудандары - Солтүстік пеш Оңтүстік, олар 1-2 орнындарды бөліседі. Сүт өнеркәсібінің бастапқы сатылары (пастерленген сүт, қаймак, кілегей, айран шығару) тұтынушыға таяу орналасады. Оның соңғы сатылары, мысалы, май шайқау (мал майы және сары май дайындау) мен ірімшік жасау көп сүт алышын жерлерде көбірек дамыган .

Ауыл шаруашылығы жеңіл және тамақ өнеркәсібімен тығыз байланысты, ал оның өнімін негізгі тұтынушылар - қалалар. Сондыктан АӨК орналасуының негізгі ұстанымы - шикізат өндіріп, оны өндістің және дайын өнімді тұтынатын аудандарды жақындастыру.

Агронеркәсіп кешенінің тиімділігін анықтау үшін, оның мақсатын, қоғамның материалдық жағдайының онтайлануының және әлеуметтік факторларды қамтамасыз етуді ескеру керек. Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігінің мәселелері - бұл ең қажетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мәселесі. Қазіргі

танда агронеркәсіптік кешенінің даму мәселесі экономикалық саясаттың басты басымдықтарының бірі. Сонымен қатар оның әрі қарай бөсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатында арнайы шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде агронеркәсіптік кешенің тұрақты даму тұжырымдамасы іске асырылуда.

Елімізде ауылшаруашылық дақылдарының 21,4 млн.га егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,4 млн.га немесе 7,2%-ға үлгайып отыр. Майлы дақылдардың егістік көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда – 30,9%, азықтық дақылдары – 6,9%, астық және ірі бүршақты дақылдар – 6,3%, картоп 5,0%-ға өсті. Сонымен бірге онтүстік облыстарда судың жетіспеушілігіне байланысты басқа ауылшаруашылық дақылдарын өндіруге қайта бағдарлау мақсатында мақта шикізаты – 21,6%, ашық топырақты қекеністер – 1,3%, қант қызылшасы егістігі 0,4%-ға азайды [3].

Бүгінгі танда ауыл шаруашылығын әртаратандыру маңызды рөл атқарады. Осыған орай ынталандыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жеткілікті. Ауылшаруашылық онімінің көлемін мемлекеттік реттеу мәселесі көбіне субсидиялау бағдарламаларын іске асыру арқылы шешім табады. Бұл бағдарламаның ауыл шаруашылығы кәсіпкерлеріне бірден-бір колдау көрсететіні - субсидия жаңа несиеге ғана емес, бұрынғы және ағымдағы несиеге де берілетіні, әрі субсидияланатын несиенің лимиті 3,5 млрд.тенгегедейінартты. Бұғанқоса барлық несиeler үшін сыйакының жылдық шекті мөлшері 20% шамасына көтерілді. Бұл шарт ауыл шаруашылығы кәсіпкерлеріне барлық несиelerін субсидиялауға мүмкіндік беріл отыр деген сез.

АӨК өндіріс саласы мемлекеттен әр түрлі салықтық жеңілдіктерге де ие болуда. Дегенмен де онда әлі шешімі табылмай жаткан мәселелер де бар. Мәселен, жер салығының мазмұны. Жер салығы жүйесінің негізі бұрынғы орталықтандырылған экономиканың балдық жүйесі бойынша, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылық

көрсеткіші топырақтың өнімділігінен бастап, әр түрлі факторларды есепке алу негізінде құрылған. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында жер салығының жүйесі ең алдымен жер рентасымен байланысты болуы керек, сонымен қатар жер салығы жүйесіне ірі ауыл шаруашылық өндірісінен бөлек, ЕО елдеріндегі шагын фермерлердің де мұддесін қорғауга бағытталған жүйені сара-лап қолданған жөн секілді.

Әлемдік тәжірибеге сай болу үшін агрономикалық кешенниң нарыққа бағытталған заңнамалық негізін қалауда да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жалпы, Қазақстанда бәсекеге қабілетті агрономикалық кешен субъектілерінің табыстарын көтеруге, отандық тауар өндірушілердің ішкі және сыртқы нарықтардағы ұстанымын айрықша бекітуге қажетті тиімді жағдайлар жасалып жатыр деп ойлаймыз. Осы түргыда отандық өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында КР Үкіметінің Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасымен қатар Қазақстан Республикасының Индустріалды-инно-

вациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясы әзірленген. Оның тиімді іске асырылуы «экономиканың құрылымына сапалы өзгерістер енгізе отырып оның экономикалық өсуіне алып келетіндей өсер етуі керек» [4]. Стратегияның мақсаты шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау. Нәтижелер бойынша индустріялық-инновациялық саясатты белсенді жүргізу экономиканың өсу қарқының жылына кемінде 8,8-9,2 % қамтамасыз етеді деп күтіледі. Бұл өндеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқының 8-8,4 %-ке дейін жеткізуге, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыруға және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді [4, 1916]. Бұдан басқа Стратегияның болжамы бойынша 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ЖІӨ көлемін 3,5-3,8 еседей ұлгайтуға мүмкіндік береді (Кесте 2).

**Кесте 2 – 2015 жылға арналған ауыл шаруашылығындағы ЖІӨ жобаланған динамикасы**

Ауыл шаруашылығына жүргізілетін саясат	Ор.жылдық өсімнің физик. көлемі, % есебімен			Млрд. тенге 2000 ж. бағамен.		2000 ж % есебі-мен алғандагы 2015ж.	2001-2015 ж. оржылдық өсім
	2001-2005	2006-2010	2011-2015	2000	2015		
Индустріялық-инновациялық саясатты қолданған жағдайда	4,8	3,0	3,0	210,9	358,3	169,9	3,6
Индустріялық-инновациялық саясатты қолданған жағдайда	4,8	5	5	210,9	434,3	205,9	4,9

\*Ескерту - Қазақстан Республикасының Индустріялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясы бойынша құрылды [4]

Келтірілгсін болжам бойынша Стратегияның индустриялық-инновациялық саясатты колданбаған жағдайда бұл көрсеткіш 2015жылы 3 %-ды құрауы мүмкін, ал саясатты қолданған жағдайда 5%-ға дейін көтерілуі мүмкін. Алайда ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі өзгеріссіз қалып отыр. Осыған орай Стратегиядағы ауыл шаруашылығына арналған саясатты ауыл өніріне қарай бұрған дұрыс болар еді деген ой туындаиды. Оның үстінен фермерлер мен ауыл шаруашылығын өндірушілерге бағытталған көмектерге қарап, оның нәтижесі бірден бола кояды деу де киын, себебі аграрлық саланың өзіндік ерекшелігі - инерттілігі бар, оны да сессеру керек. Сондықтан да аграрлық саясаты іске асыруда тікелей көмек уақыты мен нәтиже арасын бөлетін уакытша кешеуілдеу, яғни кешігу эффектісі туындаиды.

АӘК салаларын мемлекеттік қолдау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылыны өндірісіне бағытталған бюджеттік қаржының қатаң бақылауды қолга алу қажет және олардың ұтымдылықты әрі қолайлы механизмдері мен берілу принциптерін тиімділікпен әзірлеу керек. Жеке алғанда, Мемлекеттік аграрлық азықтұлік багдарласы ұсынысы бойынша арнайы бағалау белгісі жүйесінің негізіндегі іріктемелі қолдау корсете отырып, іске асырылған бір дана өнімге берілетін бірыңғай дотация тәлеміне көшу керек.

АӘК-нің ауыл шаруашылығы мен онымен аралас саласының болашақтағы даму жағдайын осылай деп топшаласақ, әрі ауыл шаруашылығында кездеседі-ау деген факторларды ескере отырып онтайлы, алдын-ала іске асырылуы тиісті багдарламаны колданар болсақ, осы салада болашақта даму, экономикалық осуге қол жеткізуге болады дей отырып, еліміздің болашақтағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімізге бір қадам болса жақындар едік.

## **Пайдаланған әдебиеттер**

- 1 Организация агробизнеса /Под ред. С.Абильдина. – Алматы: Казгосагру, 2001. – 456 б.
- 2 Смирнов С. Агропромышленный комплекс Казахстана: состояние, проблемы, прогноз //Транзитная экономика. – 2000. – № 3. – 85-96 б.
- 3 Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттігінің ақпараты.- [www.stat.kz](http://www.stat.kz).
- 4 Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясы//Правительственный бюллетень. – 2003. – № 3(7). – 106-203 б.
- 5 Қазақстан Республикасыны Ауыл шаруашылығы Министрлігі сайты <http://www.minagri.gov.kz/>.

## **Резюме**

Предлагаются необходимые меры по поддержке, улучшению и развитию агропромышленного комплекса со стороны государства. Развитие агропромышленного комплекса является одним из факторов обеспечения продовольственной безопасности Казахстана.

## **Summary**

The article suggests necessary supporting measures for the agro-industrial complex by the government. Development of the agro-industrial complex is one of the factors to ensure product safety of Kazakhstan. The author proposes measures that contribute to improvement and development of the agro-industrial complex.

Редактор *Т.Е. Каткова*  
Оформление и верстка *О.Д. Шевченко*

Подписано в печать 25.06.2012 г.

Формат 60 x 84<sup>1/8</sup>  
Уч.-изд. л. 6,8. Тираж 300 экз.  
Цена договорная

Издано КИЦ Института экономики  
Комитета науки Министерства образования и науки  
Республики Казахстан  
050010, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29  
тел.: 261-21-77  
e-mail: [econom.sp@mail.ru](mailto:econom.sp@mail.ru)